



БҰЙРЫҚ

22.04.2025 ж

Комсомол селосы

ПРИКАЗ

№ 71

село Комсомальское

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін жұмысшы тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 1-2 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) Колледждің қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

М.Жиенкожаев – колледж директоры, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл, жұмыс тобының басшысы;

Н.Абдисаттаров – директордың ОІЖ орынбасары – жұмыс тобының мүшесі;

С.Мустафина – директордың ТІЖ орынбасары – жұмыс тобының мүшесі;

Г.Маханбетова – кадр бөлімінің инспекторы – жұмыс тобының мүшесі;

Р.Смагулова – Бастауыш ардагерлер кеңесінің төрайымы – жұмыс тобының мүшесі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Колледж директоры

М.С.Жиенкожаев